



# АҚУҚАТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



№2 • 2017



Тұрсынбек КӘКІШЕВ,  
профессор




# ҒұЛАМАНЫҢ ҒИБРАТТЫ ОЙЛАРЫ

Манаш Қозыбаевтың «Тұлғалар тұғыры» атты кітабының ерекшелігі – біріншіден, тарихшының көзімен қарап, заман, уақыт, кезең шындықтарын жеке тұлғалардың іс-әрекеттерін нақты құжатты деректерге сүйене отырып, ой толғау болса, екіншіден, шын публицистке тән машықпен оқушы зердесіне жеткізу мақсаттарын көздейді. Шабыт қысып, уақыт мұрсат берген сәтте әдебиетшілдікке, тіпті, жазушылыққа салынатын кезі де аз емес. Осындай ғылыми-өнерпаздық тізгінді қатар ұстап, әрбір тарихи қайраткердің портретін, кейде көркем бейнесін жасаған уақытта оқушының тарихи жады, эстетикалық түйсігі молайып, жалпы сана-сезімінің аумағы кеңейіп сала береді.

Үшіншіден, тарихшының өрнегі мен әдебиетшінің ой-қиялы нақты мәселені баяндауға келгенде, үлкен өлеуметтік арнаға бұрылып, философиялық түйін жасайтыны Манашты ғалым ретінде ерекшелендіретін сипатқа ие болады екен.

Мен Манаш Қозыбаевтың тарихи жады мықты ғалым, уақытпен үндес қоғам қайраткері екенін баяғыдан-ақ білемін. Әрине, кандидаттық, докторлық диссертацияларының жазылу, қорғалу сәттері



*Тұрсынбек КӘКІШЕВ – филология ғылымдарының докторы, ғылым қайраткері. «Лениншіл жас» газетінде, КСРФА-да, ҚазМУ-де және басқа да мекемелерде қызмет істеген. Бірнеше ондаған әдеби зерттеу кітаптарының авторы. Олар көптеген тілдерге аударылған. Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты.*



еш уақытта ұмытылмайды. Өйткені, әлеуметтік шындықтан тыс ештеңе жасалмайды. Заманның талап-тілектері әрқашан да ескеріліп отырады. Сондықтан, Манаштың партия тарихшысы болуы, мандат алуы мансұқтайтын құбылыс емес. Әрине, социалистік бесжылдықтар мен стахановшылардың өмірбаянын зерттеп, қоларып, кең аша алмағандар кеңес өкіметі жалғыз ете түскенде-ақ ғылым саласында мәнді ештеңе тындыра алмай, негізгі мамандығын мансұқ етіп кеткендері аз емес. Олар атақ үшін жүрген жандар екенін бірден аңғартып, шен-шөкпенге қоса ақша деген құдіреттің соңына түсушілердің қатарын кебейтіп кеткендері де бар.

Ал, Манаш Қазақ университетінде оқығанда, шын тарихшы боламын деген ынтасын Қостанай пединститутында жүргенде шыңдай, дамыта түсіпті. Ғылыми атақпен келіп, ел қатарына қосылу қажеттігі туғанда, Алматыға аралып, сол кезде айрықша мәртебелі мекеме болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтында қызметке араласып, ғылымға бейімділігін таныта білді. Оқымыстылыққа ниет қойғандығын оқу жүзінде дәлелдеуге кірісіп, шынайы қабілеттілігін қауқарын тез аңғартты. Қазақ Кеңес Энциклопедиясы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институтында ұзақ жыл жетекші болуы сол тұстағы партия тарихшыларының қолынан келмеген, әрәсі жетпеген мансап еді. Манаш уақыттың талап-тілегін тарихи шындықпен жанастыра білген, қабыстыра баяндаған еңбектерімен осы кезде көбірек көзге түсті. Соның алғашқыларының бірі – Голощекин бастаған партия басшыларының Қазақ елін аштыққа ұшыратуының себеп-салдарын шын тарихшыға тән ғұламалықпен, азаматқа тән жанашырлықпен ел-жұртқа жеткізуі екінші тынысын ашқан үрдіс болды. Ермаққа байланысты зерттеу қалың көпшілікті Манаштың кезекті қалам сипатпен асыға күткізді десем артық болар, мен зерттенгенде де өтірік емес. Бұған себеп те бар еді. Партияның алтын қоры деген З.Голощекинмен бірігіп жазған еңбек тоқырау жылдары басшы болғандардың кейбіріне ұнамай, авторына әкімшілік тұрғыдан жаза тартқызып еді. Бірнеше жылғы еңбек зая болып, кітаптың бүкіл тиражы өртелген еді. Оның бар жазығы, сол кездегі тілмен айтқанда «саяси қателігі» – шырылдаған шындықты айтпауға талаптануы, басшылыққа келген пенделердің мінез-қылықтарын, сыр-сипатын, сыздықтап жазуы ғана еді. Осындай «қателікке» ұрынған талантты ғалым Партия тарихы институтынан мал шаруашылығына қажетті маман даярла деп қатардағы оқытушылыққа ауыстырылған-ды.

Рас, мен М.Қозыбаевтың бар зерттеу еңбектерінің сыр-құпиясын білемін деп айта алмаймын. Алайда, оның азаматтық-пенделік іс-әрекеттерін, тіпті, бақылағаным өтірік емес. Оған себеп те бар. 1956 жылы қазақ мектептерінің көптеп жабылып жатуына байланысты, бүгінгі академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібаевтың, сол кездегі «Қазақ әдебиеті» газетінің бәлім меңгерушісі болып жүргенде, Қазақ тілі мен мектебі үшін шырылдаған үніне өзім қызмет істеп жүрген Партия тарихы институтының сегіз ғылыми қызметкерлерінің қолын қойдырып, «Тіл мәдениеті» деген атпен қолдау мақаласын жариялағанбыз.

Орталық Комитет шығарған аты мүлөйм, заты зальым қаулыға ілігіп, сөзге қалған болатынбыз. Ол институтқа аз уақыт директор болған Н.Жангелдин 1957 жылы 8 қаңтарда бізді партиялық талқыға салып, ертеңіне Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитетіне идеология жөніндегі хатшы болып кеткен тұста талай жайсыз әңгімелерді естігенбіз. Осындай кезде бірге өскен, соғыстан кейінгі қиындықты бірге бөліскен замандастарымыздың өзі бізге тіксіне қарап, іргелерін әрі сала бастаған кезде, Манаш Қозыбаевтың сонау Қостанайдан келіп, Партия тарихы институтына қызметке еркін орналасып жатқан кезі болатын. Идеялық жағынан ешқандай жанасымыз болмағанмен, пенделік жағынан байқал жүру артықтық жасамайтынын түсіне бастағанда, Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына ауысып кеткенді. Солай болса да, Манаштың мақалаларын, еңбектерін ежіктей оқымағанмен, Ресей империясының отаршылдық саясатын айғайлатпай сыннайтын көзқарасына іш тартқанмын.

Осының өзінен Манаш Қозыбаев жөніндегі түсінігімнің бір шеті аңғарылса, енді әрбір қазақ демей-ақ қояйын, ғылым мен білім саласында жүргендердің басым көпшілігі оқуға тиісті «Тұлғалар тұғыры» туралы пікірімді жазайын және сөз арасында жоғарыда айтқан ойымызды аңғартатын тарихи очерк, эссе, мақалалар мен естелік сипаты бар зерттеулерге назар аударайын деп отырмын.

Әуелі жинақтың мейлінше жүйелі жасалғандығын айрықша атау қажет. Тіпті, өзің жазғандарды оқушыға түсінікті де ыңғайлы деңгейде жеткізу үшін талай ойпанасуы ғой. Ал «Тұлғалар тұғыры» жүйелі де мәнді құрастырған Ілияс Қозыбаев өзінің балалық парзынын ғана орындап қоймай, әкесімен бірге мектеп оқуығын жазып жүргенде алған тәжірибесі болсын, әдетте тірлікте көргені болсын, барынша ықтияттық танытып, жақсы үлгі-өнегені бойына сіңіре білгендігін мықтап танытыпты. Әкесінің мұрзсын білгірлікпен жеткізуге кім болса да талпынады ғой. Сонда да Ілияс шын мәнінде

## ● Тұлғалар тұғыры

әкесіне жаны ашитындығын ғана емес, мықты маман, шын тарихшы екендігін дәлелдепті. Оны кітапты талдау барысында аңғарып отыратындарыңызға кепілдік бере аламын.

Сонымен, «Тұлғалар тұғыры» не, қандай ғибраты бар? Жинақ үлкен төрт бөлімнен тұрады. Әсіресе, «Арыстары қазақтың» және «Замана перзенттері» атты екінші және үшінші тараулары тарихи тұрғыдан да, эстетикалық таным арнасынан да мәнді де сәнді, алымды да ажарлы, түсінікті де тағлымды. «Ой толғау» тарауына кірсерде, Манаш «Өлім екі түрлі. Бірі – табиғи өлім, екіншісі – рухани өлім. Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тарихи тұлғаларды рухани өлтірмеу» деген нақышқа бергісіз сүбелі ойдан бастайды да, ғұламалығын таныту мақсатымен емес, негізгі әңгімелерге апарар арналарды анықтау үшін «Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелеріне» әрі тарихшы, әрі әдебиетші ретінде назар аударады.

Мәскеудің атақты «Тамаша адамдардың өмірі» сериясынан қазақ қайраткерлеріне, атап айтқанда, Сәкен, Шоқан, Қаныш жайындағы ғұмырнамаларды атай отырып, «болашақта мұндай кітаптардың көбейгені жақсы болар еді» (М. Қозыбаев. Тұлғалар тұғыры. «Қазақпарат» баспасы. 2009. 10-бет) деген игі тілекті іші елжірей отырып жазды да, қазақ тілінде газет-журналдарда түркі тектес қайраткерлерге арналған жариялымдарды түгелге жақын шолып шығады.

Манаш Қозыбаев осы еңбегінде ғұмырнаманың талай шарттарын жеке-жеке мақалаға, ой-тұжырымға айналдырып отырыпты. Ғұмырнамасы жазылар кезде әуелі Азамат болуы шарт, ал оның көрікті, жарқырау қасиетін аңғартар, ел тілегін орындар, кісілік келбетін көрсетер сәттерін тәптіштеп баяндайды да, «әрбір отбасы, мектеп, қоғам балаларды азамат етіп тәрбиелесе ғана еліміздің болашағы жарық. Әрбір перзентіміз құлқынның құлы болмай, Отанның ұлы болса қандай бақыт» (15) деген игі тілекті айтудан жалықпайды.

Ал, «Бізде ұлттық элита бар» деген тұжырымын қазақтың өткен-кеткен, бүгінгі тарихымен дәлелдеуге ұмтылады. Әрі-беріден соң, элита қатарына қосылу үшін нендей қайраткерлік қажет екендігін башайлап, тарамдатып айтып та береді. Мәселен, «ұлт элитасы деп ұлтына сенетін, оның басына түскен қиындыққа, өз мүддесіне жететін, тығырықтан жол тауып, өлемдегі 2000-нан астам ұлт пен ұлыстардың ішінен «Қазақ» деген ұлттың өркениеттік орнын тауып қана қоймай, оны өркениеттік талдаудың даңғыл жолына салып беруге өнерін, білімін, күш-қайратын, ар-намысын жегетін, керек кезде ең қымбатты – өмірін беретін ұлт асылдары» (24) деген түйіндеуінде Азаматтықтың ең биік өресін көреміз. Әр пендеге осы тұрғы-

дан қарап бағалауға тиістіміз. Бұл шарттарға сай келмейтіндерге аман-сау болыңдар деп қана тілек айтармыз. Осы теориялық ойларды Манаш «Арыстары қазақтың» деген екінші тарауда нақты тұлғалардың іс-әрекеттерімен дәлелдеуге көшеді.

«Мырза Мұхамед Хайдар Дулати дала өркениетінің шежіресі» деген бірінші мақаласының өзінде теориялық баяндауға көбірек ден қояды. Ең алдымен, әлемнің бар жақсылығы Еуропадан тарады деген жалған евроцентризм қағидаларының арамза сырын ашып, кейінгі кемел ойларына жол ашып алыпты. «Шын мәнінде Орталық Азия халықтары өркениетінің әлемдік өркениеттегі мәртебелі орнын тұңғыш дәлелдеген Мырза Мұхамед Хайдар Дулати» болғандығын, осы көзқарастан айнымау қажеттігін үлкен ғұламалық пікірлермен дәлелдей келіп, Тарих-и-Рашиди өткенімізді зерттеудің методологиялық негізіне айналып, Дала өркениеттеріне негіз болған түркі тектестердің бірнеше ғасырлық тарихына үңіліп, азамат мәдениетіне қосқан үлестерін тарамдата баяндайды.

Мұнан кейін тікелей қазақ тарихына қатысты ойларын тарамдатып, Қазақияның мән-жайына, жаңа ұлттардың қалыптасып, мемлекеттері шаңырақ көтергенін, 92 баулы қыпшақ болмысының моңғол тектілерді жұта бастағанын, шынтауытынына келгенде, Шоқан айтқандай, Алтын Орданың негізгі жері мен елін қазақтың Ақ Ордасына айналдырып жібергенін мықтап еске салады. Олай болса, дейді автор, «Қазақ хандығы – ата тарихымыздың асқар белесі, заңды жалғасы. Мырза Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашидин» атабаба тарихының толыққанды шежіресі» (58) дегенді нығарлай жазады да, өлі күнге дейін евроцентризм түсінігімен келе жатқан әріптестерін, тарихшыларды, зиялыларды шынайы ғылым жолына түсуге шақырады.

Осы ойын ғана емес, бүкіл қазақ тарихының даму ерекшеліктерін аңғарту үшін ұлы тарихшы Қадырғали Қосымұлының ерен еңбегін санаға сіңдіре баяндайды. «Қадырғалидің «Шежірелер жылнамасы» өзінің деректілік дәлелдігі мен байлығы жөнінен сол заманның биік туындысы. Қазақ халқының тарихы туралы ең бай, ең негізгі дерек көзі» деген (62) түйін де бір жолға аздық жасамайды. Бірімізді-біріміз тыңдап, айтылған ойды әрі қарай жалғастырып әкетсек, бұрмаланған қазақ тарихы тез-ақ жөңге түсер еді.

Әлі күнге дейін анықталмай келе жатқан қазақ этнонимі жайында Қадырғали айтқанды Манаштың бүгінгі біздерге түсін өзгертіп беруі де қызғылықты ғана емес, терең ойланатын мәселе. «Қадырғали қазақты шежіреде «Алаш», ал мемлекеттік одағын «Алаш мыңы» деп атайды» (62) деп, Р.Сыздықова, М.Қойгелдиев және Ө.Қопабаев айтып



жүрген пікірлерге назар аудару қажет екендігін ескертеді.

Манаштың тағы да бір құнарлы ойына, яғни, «Шежірелер жинағы» қазақ әдебиеттану ғылымының да қайнар көзі іспетті дегені де еленуге тиіс. Қадырғали жинағында халық шығармаларының үзінділері бірқыдыру беріледі. Мысалы, «Тоқтамыс хан туралы дастаннан» үзінділер бар. Бұл мысалдардан біз қазақ поэзиясы жазбаша түрде XVI ғасырдан бұрын хатқа түскенін байқаймыз» (64-65-беттер) деген ойына мен еріксіз іш тартамын. Себебі Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында «бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінде қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихы ретінен қарасақ, үлкен адасқандық» (№4-5. 1923. М.Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Ғылым», 1998. 2 том. 79-бет) дегенін 1924 жылы Сәкен Сейфуллин «қазақ арасына жазба әдебиет таратқан Түркістаннан шыққан қожалар. Ол кезде қазақ арасына көп тараған Қожахмет Яссауидің кітабы. Біздің қазақ ақындары соны еліктеп кеткен» («Еңбекші қазақ», 19.02.1924) деген ойға қарсы «Ақ жол» газеті дау-дамай айтқан болатын. Коммунистік идеологияның күшеюіне және шовинистік көзқарастың өріс алуына байланысты «қазақта мәдениет түгіл тарихы жоқ надан халық» деген жалғандықпен өнімді ойды әрі қарай өрбітпей, әлі күнге дейін далақтаумен келеміз.

Қадырғалидан кейін «Жалаңтөс баһадүр – Тұран өркениетінің ұлы перзенті» деген тамаша эссесінде көп қазақтың біле бермейтін шындығы жазылып, Манаштың шын тарихшы екендігі анық аңғарылады. Нанбасаныздар, мына сөйлем-деректерге назар аударыңыздар «XVI ғ. басында Әбілқайыр ханның немересі көшпелі қыпшақтардың басын қосқан Мұхамед Шахбат Шайбани Мауренахрды, Ташкент, Самархан, Бұхара, Хорезм, Балх, Террати, оңтүстік Түркімен елін жаулап алады. Самархан түбіндегі қалың қазақ елі сол кезде Жиделі Байсынды қоныстаған болса керек» (68) дегендердің өзінен Манаш Қозыбаевтың шын тарихшы екенін аңғарамыз да, әрбір дерегі ғана емес, айтқан ойына қарауыл қоя қарауымыз керек.

«Ежелгі түріктерден енші алып, қыпшақ, ноғай, өзбек атауларынан өтіп, қазақ атына жетіп, халық болып қалыптаса бастағанымызға бір мың жылдай уақыт өтті» (77) дегенді құлаққа іліп алмай, кешегі кеңес тұсында қазақтың дүниеге келуін Қазан революциясына қарбаластырғандар, енді қазақ хандығы кезінен таратуға ниет еткендер, Алматы мен Астана тарихтарын орыс отаршылығы

кезімен шектейік деп жанығып жүргендер де кездеседі. Қазақтың басынан өткен тарихты қазаққа қиғысы келмейтіндердің не ойлайтындарын түсіну қиын. Бұл тұрғыдан келгенде, тарихшы Манаш Қозыбаев орыс империясының қазақты бодандықта ұстау кезін, оның пайда-зиянын жан-жақты қарастырыпты. Әсіресе, қазақ «халқының бірлігінің жоғары деңгейде ұзақ уақыт көтерілмей келуінің елеулі бір себебі отаршылдыққа байланысты. Екі ұлы империяның қыспағына түсіп, жалтақтап ескен халық сақтыққа үйренді. Қорқыту мен үркіту, ату мен шабу, атастыру мен шағыстыру оның ұлттық жан-жүйесіне басыбайлық психологияның ұрығын үзбей септі. Отаршылдар түркі тектес халықтардың, одан қалды, қазақтың рулық-тайпалық, жүзге бөліну құрылымын өте шебер пайдаланып, бір-біріне үзбей айдап салды» (77-78) дегеннің шындық екеніне шүбәланбақ түгіл, тәуелсіздіктен кейін де қолданып келе жатқандарды көзбен көріп отырмыз ғой.

Осындай іргелі ойлар «Қазақтың даңқын асырған» эссесінде тарихи шындық негізінде баяндалғанда, «Ақ патшаның XVIII ғасырда Абылай ханнан асқан жауы болмаған. Амалсыздан тәуелдімін деп мойындағанмен, Абылай іс жүзінде Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруге, тәуелсіз ел етуге күшін салды» (86) деген шындықты кеңес заманында Абылайды екіжүзді оңбаған деп ғайбаттап, айтаған сөзіміз қалмағанын Манаш атап өтеді. Ұйқасқан сөзіне емес, шындық пышағымен кесек туралған ойына разы болмасқа шараңды қалдырмайды. Оқыңыздар. «Қазақтың болмысын сақтап, болашаққа ұлт-сенім отын жандырған, Қытайдың жымсысқы оспағына, орыстың содыр тоқпағына қарсы тұрып, бірде айламен, бірде пайдамен өнерін асырып, екі ұлы империяны естерінен тандырған, қазақты тірідей үйітіп жегісі келген жалмауыз отаршылардың бағын ақылы мен айбынымен тайдырған XVIII ғасырдың әлемдік деңгейдегі алып тұлғасы, ғажайып дипломаты Абылай хан еді» (92) дегеніне еріксіз қол қоясың. Осындай көзқарасы болғандықтан да Абылай ханның бей-берекет болған мұрдесін қасиетті Түркістандағы Өзірет Сұлтан мешітіне қасиеттеп қою үшін жасақталған үкіметтік комиссияның төрағасы ретінде «кешегі кеңестік идеологияға табынып, тарихымызды төлкекке салған тұста тіліміз кесіліп, діліміз өшіліп, дініміз төркіленген кезде хан атаулының бәрі жауға» (92) айналғанын қинала айтып, әлеуметтен кешірім сұрағандай сөз сөйлеген көрінеді. Бұл да білгірлік, адалдық, өзгелер үшін ұялғандықтың белгісі еді.

Жинақты құрастырушы Ілияс Манашұлы әкесінің тарихшылдығы мен сөзге шеберлігін қатардағы оқушы болсын, зерттеуші болсын, атағы мол академик болсын, бәріне бірдей ұсы-

## ● Тұлғалар тұғыры

нар ойларды сатылап жеткізгені, оқушы танымын молайтқаны өте орынды болған. Мәселен, Абылай ханмен қазақ тарихында болған басқа тұлғаларды тұйықтап тастаса, кейінгі тарихи шындықтарға зияны тиер еді. Абылай ханды айтқаннан кейін оны оң жолға салып, ақылын айтып отырған «Дала данасы – Бұхар жырауды» айтпай, жазбай кетсе, көп мәлімет пен шындық көрпе ішінде қалып қояр еді.

Манаштың Бұхар жырауға байланыстыра қазақ елінің халықтық гимнін (Елім-ай) жасаған Қожаберген сынды дауылпаз дарынға айрықша тоқтағаны жөн болған. Академияның, қазақтың талай ғалымдары бас болып ғылыми конференция өткізгеннен кейін де филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов сынды зерттеушілер Қожабергенді «аңыздық тұлға», яғни, қолдан жасалған мүсін дегендей қысас пікір таратып жүр. Осы тұрғыда ғұламаның сезімі хабар берді ме екен, Манаш Қозыбаевтың «Елім-ай» әдеби тұрғыдан алғанда теңдесі жоқ туынды. Онда тек халық мұңы ғана емес, оның сыры, рухы бар. Автор егіліп те, төгіліп те жырлайды. Бірде тарихи тереңдікпен бойласа, бірде бүгінге қайғырып, болашақты ойлайды, философиялық пайымдармен орағыта толғайды. Ендеше, Қожаберген бабамызды қол бастаған батырдан өтіп, ғасырлар қойнауына мұра етіп келе жатқан асылымыздың авторы – Дауылпаз жырау деп атау орынды» (120) деген ойын, әсіресе әдебиет тарихын зерттеушілер қатты ескеруге тиіс. Түсіне алмағандар кездессе, Манаштың «Дауылпаз баба – Қожаберген» деген тарихи-әдеби эссесінен оқып алсын.

Рухани күштің мықтылығын, айрықша пәрменділігін Манаш енді ел тірегі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек, Керей Ер Жәнібек, Жәуке, Исатай-Махамбет, Сырым, Қарасай, Кенесары-Наурызбай батырлардың ел үшін, халық қамы үшін бастарын оққа тіккендерін нақты мұрағат деректермен оқушыға жеткізіп, тарихи таным-біліктерін молайтып тастайды.

Қазақ тарихының арғы белестерін қасиетті тұлғалармен көрсете келіп, енді қазақ мәдениеті батыс, орыс мәдениеттерінің игі ниетпен, не зорлық жүйесімен тоғысқанын көрсету үшін әңгімені «Шоқан шоқыларынан» бастайды.

Отаршылардың негізгі мақсаты жаулаған бодан елдердің мысын басып, қанау-тонау әрекеті болса да, объективті түрде басқа да ықпалы тиетінін жоққа шығармау керек. Осыны біз Ресей империясының ұзын қолы қазақ даласына жеткен кезден анық аңғарамыз. Қазақ байлары мен төрелері балаларын орысша оқытуға құмарлануының өзі нәпақадан құр қалып қоймаудың амалы

еді. Ал, оқу-білімге араласу сөз жоқ, өзінің игі ықпалын жасамай қоймайды. Олардың ішінен Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ұлы ағартушы-демократтармен қатар, кешегі алаш қозғалысын бастаған ата-ағаларымыздың шыққанын айтуымыз парыз. Игі мәдениет араласқан тұста игілікті істер болмай қоймайды. Міне, осыны ескерген Манаш Қозыбаев «Шоқан шоқыларын» даралай әңгімелеуі әбден заңды.

Ал, осы ойларға қосыла отырып, Шоқан көзқарасын баяндауда ескерілмей жүрген үлкен бір мәселеге назар аударыпты. «Шоқанның көзқарасына әсер еткен факторлардың тағы бір саласы марксизм идеяларымен таныстығы деп ойлаймын. Шоқан Чернышевскийдің «Современнигін», А.Герценнің «Колоколын» оқығанын замандастары сол кезде-ақ айтып кеткен еді. Ал, Шоқан марксист әдебиетті оқыды, онымен таныс еді деген дерек жоқ» (168) дей тұра, оның әдеби мұрасына көз қырын салу керек деп бірден-бір дұрыс жолды көрсетіпті. Және адамды сендірерліктей деректерді келтіріпті. «Шоқанның көзқарасы ағартушылықтан асып, революционер-демократ аясына бейімделумен танылады» (174) деген қорытынды жасапты.

Ағартушы-демократтардан кейін Әлихан Бөкейхановқа арнап «Тағдыр: түнек пен шырақ» деген мақаласы 1995 жылы «Ақиқат» журналына басылған нұсқасымен беріліпті. Мен «1995 жылды» әдейі көрсетіп отырмын. Көбіміз совет өкіметінің құлап, коммунистік партияның идеологиясы оңды-солды сөгіліп жатқан кезде жазылды деуге өзін қол қоя алмаймын. Себебі басқа адамдардан гөрі, ғалымдарымыздың басым көпшілігі әлі қалың тұманның ішінде жүрген болатын. Ал, Манаштың ой түйіндеріне, қалам сілтесіне қарап отырып, өзі қаншама партия тарихшысы болса да, көптен бері, жеңілдетіп айтқанда, ойланып-толғанып жүргені анық байқалады.

«Әлихан Бөкейхан есімі алаш, қазақ ұлы, қазақ мәдениеті, оның тарихы, қазақ мәдениеті, шығыс мәдениеті түйбірлі де дүбірлі проблемалармен байланысты. Кешегі казармалық социализм заманында біз оның есімін, тек қана «буржуазиялық ұлтшыл», «алашордашыл», «халық жауы» деген сияқты құбыжық ұғымдармен байланыстырып, қалың елді, оның ішінде зиялылар қауымын үркітіп келдік. Не жасыратыны бар, үркіп қана қоймай, үріп келгендердің қалың ішінде біздің ұрпақ та бар» (182) дегені Манаштың парасаттылығын айқын танытады.

«Ахмет Байтұрсынов – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы», «Ұлт перзенті Смағұл Садуақасов хақында», «...Өмір Әбдіғалар», «Тағдыр тәлкегі (Аманкелді батыр туралы ізденіс)», «Ғасыр тауқы-

метін арқалаған арыстар» атты толғаулар мен мақалалар негізінен алаштың ардақтыларының толқымалы тағдырларына арналып, талай соны пікірлерді айтқан. Осы жөнінде тарихшының көзімен көргендерді, түйінделген ойларды біздің әдебиет зерттеуші ғалымдар ойлана оқып, толғана тұжырым жасаса, қазақ ғалымына едәуір олжа болар еді.

Секенге арналған «Халықтың еркесі, көш бас-тар серкесі» эссесі, Жүсіпбек Аймауытовтың «Қабырғалы қаламгер», Ыбырай Алтынсариннің дәстүрін жалғастырған «Спандияр Көбеев тағылымы» ұласып, Қаныш Сәтпаевтың қазақ тарихында алатын орны мен даңқына сүбелі сөздер арнапты.

«Тұлғалар тұғыры» жинағының үшінші тарауы «Замана перзенттері» деп аталады да, қазақ тарихының пірәдары Әлкей Марғұланға арналып, оның шын дала данасы екенін, ол «өзінің өксігін басып, арманын тек далаға ғана айтатын, ағынан жарылатын. Осы даламен ғажайып достығы оны саясаттанған ғылымнан алшақ ұстауға дәнекер болды. Сол ұлы көште Әлекеңнің өзіндік орны болды, өзіндік жолы болды, өзіндік мектебі болды» (270-271) деген түйіннің айтары анық, әлеуметтік бағасы ашық, Әлекең «үзіліп бара жатқан ұлттық қорды жалғады, халқымызды оятып қана қоймады, терезесі теңдес халықтардың дәрежесіне жеткізді. ӘМарғұлан тағылымының негізгі бір түйіні осында болса керек» (271) деген оймен рухани марқая түссек керек.

Бұдан кейін Фабеңнің – Фабит Мүсіреповтің адамгершілігін, пендешілігін, майталман жазушылығын сөз етіп, халқымыздың аяулы ұлы Ілияс Омаровтың «өмір тынысын дөп басып, болашақ сырына ұлылар шоғырымен бірге үңілген жан. Ол мөлдір бұлақтай тазалықтың эталоны, алыптар шоғырының екінші ұрпағының ұйытқысы, сүйіктісі» (290) деп білгені төреліктің белгісі ғой.

Тәуелсіздік келгеннен бері большевиктік идеологиядан алып қалған «тәрбиеміздің» ең жаман көріністері шығып жатыр. Тірі басшыларды аяқ-қолын жерге тигізбей, көзінше мақтауды аспандатсақ, дүниеден өткендерін ру, жүз деңгейінде дәріптеуді шығарып алдық қой. Осы тұрғыдан келгенде, Манаш қазақтан тұңғыш рет қырық жыл бұрын Орталық Комитеттің бірінші хатшысы болған Жұмабай Шаяхметов туралы «тарихи тұлғаның тағдыры ауыр. Оларға өте мұқият қарағанымыз абзал. Тарихи қайраткерлердің азаматтығын айтып, кемшілігін көрсетіп, болашаққа тағылым боларлықтай саяси портрет жасауымыз керек.

Бұл үшінші тараудың екінші бөлігі естелік іспеттес ой-тұжырымдарын жеткізген екен. Оған өзі аралас-құралас, көңілді болған қазақтың ірілері мен жайсаңдары топтасып, қазақтың ғылыми-

әдеби элитасы кескін-келбетін, өдет-ғұрпын, іс-әрекетін аңғарарлықтай деңгейде баяндайды. Оның әрқайсына Манашша мінездеме беріп сипаттасақ, рецензиямыз шұбатылып кетері сөзсіз. «Халқының Мәлігі» деп Совет Одағының қазақтан шыққан алғашқы батыры М.Фабдуллин жөнінде ұзақ толғанса, «он екі мыңға жуық Совет Одағының батырлары қатарынан Бауыржан Момышұлы орын алуға тиіс» деп әділдік болса жалғанда деп 1990 жылы шамырқанғаны періштенің құлағына шалынды ғой.

«Димекең туралы естелік жазамын деп кім ойлапты» дегеннен басталатын «Өтті, кетті сол заман» толғауы 70-80 жылдардағы жағдайды көзге елестетеді. «Кеңес режимінің дөуірлеген тобы. Берін өзі шешіп, өзі билік айтатын партияның заманы. Адам өмірі, еңбегі ойыншыққа айналған кез» деп өз басынан өткен оқиғасын былай жалғастырады. «Белгілі антрополог О.Смағұловтың кітабы өртенді. Содан кейін кезек М.Қозыбаев, З.Голоикова бірігіп жазған «Золотой фонд партии. Из истории кадровой политики КПСС» деген кітапқа жетті. Бір сағатта бірнеше жылғы еңбек күлге айналды. Бес жыл «жер ауып», Алматы мал дәрігерлік институтында өксік өмір өтіп жатқанда» (317) құдай беріп, Д.Қонаев шақырып, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторы етіп тағайындағаны өрбітер ойға тиек болыпты. Сол сияқты «Өрге баста еліңді» деген тілекті Н.Назарбаевқа достық ниетпен айтыпты. Ел балалары Шахмардан Есенов, Өмірбек Жолдасбеков, Өмірзақ Сұлтанғазин, Сақтаған Бәйішев, Қайрат Мұхаммеджанов. Өзбекәлі Жәнібеков, Салық Зиманов, Евней Букетов, Батырбек Бірімжанов тағы басқа қайраткерлер жөніндегі естеліктер мен көргендері оқушыға ой салатын ғибратты дүниелер.

Көзі көріп, аралас-құралас болған қайраткерлердің ішінен екі пендеге, атап айтқанда Ілияс Есенберлин мен Ермұқан Бекмаханов жайлы толғамдарына тоқтау қажет. Өйткені, олар бір-бірімен байланысып жатуымен, тағдыр талқысымен бауырлас болуымен ғана емес, қазақ еліне сіңіріп кеткен еңбектерімен қадірлі екені еске алынған көрінеді.

«Ілияс Есенберлин есімін атағанда, қазақ әдебиетінің, қазақ мәдениетінің алып тұлғаларының бірі көз алдыма келеді. Ұлы жазушының мен өз басым ерлігіне тәнтімін. Кешегі атақты ғалым Е.Бекмұхановтың 25 жылғы итжеккенге айдалуының басты себебі ұлт-азаттық қозғалысының ең бір жабық тақырыбы Хан Кене бастаған қаһарман халқымыздың бостандық күрес тарихын зерттеуі емес пе еді?! Міне, осы бір «жабық», басқаша айтқанда «абақты», «итжеккенге» айдауы мүмкін тақырыпқа оралу үшін қандай жүрек керек десеңізші!

## ● Тұлғалар тұғыры

Ілекең империялық қаһардан қорықпады, зиялы қауым ішінде Хан Кенедей батырлығын танытты. заманнан ширек ғасыр озып, арттағы ұрпаққа өлмес мұра, ӘКекілбаев, М.Мағауин, С.Сматаев сияқты талантты тарихи романистер мектебін қалдырды» (338) деген кесек ой әділдігімен құнды. Ал, өзінің ұстазы, үлгі алған ғұлама ағасы Ермұқан Бекмұханов жайындағы «Тағдыры күрделі қайсар талант», «Ұстазым туралы бір-екі сөз» толғаулары шынайы сезіммен, ғибратты ойларымен құнды. Ұлы тарихшы мен жазушының артында қалған орасан зор мұраларын білуге, оқуға еріксіз жетелейді. Бұдан кейін әңгімеленетін көп есімдердің атын біліп, бұл жалғанда қалған іздерін, енегелерін аңғарып, ғибрат аламыз.

«Тұлғалар тұғырының» ең сүбелі екінші, үшінші тарауларынан алған әсерлер енді бізді ақын Манаш Қозыбаевтың өлеңдерін оқуға еріксіз жетелейді.

*Бельгер деген кім? –*

*Деп сұрады бір адам.*

*Айы ма, күні ме?*

*Қазақтың жылмиған.*

*Көп немістің бірі ме?*

*Дедім сонда мен оған.*

*Неміске – Бельгер, қазаққа – Білгір.*

*Неміске – дана, қазаққа – бала.*

*Біріне – іні, біріне – аға.*

*Қос емшекті тел емген*

*Ол – қазақша Телқара,*

*Ол – қазаққа бел бала*

*Герольд – іні, мен – аға,* – деген шумақтың ой-пікірі ғана емес өлеңдік өрімінің өзі шымыр, көп ақынның қолына түсе бермейтін мақам демегеннің өзінде авторына ілтипат жасатуға жарайтыны анық.

Совет өкіметі құлайды, дәуірлеген диктатура құриды, әкіреңдеген әкімшілік өз дегенінен айырылады деген ойлар ешкімнің ойына келмеген 1989 жылы қазақ даласы мен Сібірді жаулап, отаршылықтың тығынын ағытқан Ермақтың шындығы мен жалғандығын, ақиқаты мен аңызын «Қазақ әдебиеті» газетінің 6-санында бірінен бірі өткір де ащы, жауыздықтың апандай ашқан аузынан шыққан жемтіктерді, «дау-дамай мен күдікті ойларды туғызып келе жатқан келелі проблема – Россияға тәуелді болған азиялық халықтардың патшалық империяға қосылу тарихы. Шынын айтқанда, патша өкіметі бұл халықтардың басым көпшілігін жаулап алып, күшпен бағындырды, зор-

лық-зомбылық негізінде теспей сорды» (454) дегендей ойды шовинистік көзқарас үстемдік етіп, әбден жаулап алған кезде айтуға, құдайлықтарыңызды айтыңыздаршы, қай қайраткердің, қай ғалымның дәті барып еді.

Ал, тәуелсіздік келгеннен кейін жазған «Сталин және Қазақстан» немесе Голощекин, Хрущев, Брежнев тұсындағы Қазақстанның шындықтары барына дәлелді де ашық баяндалған уақытта пенделік пиғылымен қатар қазақ халқының рухын сындыруға, басып-төстеуге ойына келгендерін істегендерін ішкі дүниесі қан жылай отырып баяндауы да, бар ойын емеурінмен білдіруі де, әбден қысастық жеңген сәтте ашына да ащы айтатындары да осы кітаптың өн бойынан анық аңғарылады. Өтпелі осы дәуірді басынан кешірген шын мәніндегі тарихшы қай кезеңде мақала жазбасын, жан-сырын, толғанысын, өзінің адами позициясын аңғартып келгені үшін қадірлеуге тиістіміз.

Өмір өткелдерін басынан кешпегендердің өрекіп шығатын мінездерін кешіре салған күннің өзінде көпті көріп, көп жағдайдың өзі бел ортасында жүрген Манаштың «Тарихты әр түрлі жазуға болады» (531) деген түйінді өзгенің емес, өз тәжірибесінен шығарғанын, алайда, «Тарих төлкені көтермейді» деген тұжырымының оң, дұрыс екендігіне мойынұсынғанына қосыламыз. Ал, тарихи шындықтың даму барысын бағдарлай пікір айту – шын ғұламалықтың қолтаңбасы. Сондықтан, академик Манаш Қозыбаевтың «Жаңа ХХІ ғасыр басталған сәтте нарықты экономиканың құдіретін де көруіміз керек. Бірақ бар адам баласының арманы тек ақшамен шектелмей, бар керекті тиынмен өлшемей, ақылмен парасатты, адамгершілікті, ақыл-сананы, гуманизмді қаз қалпында ұстауымыз керек. Біз осындай қоғам жасайтын болсақ қана тәуелсіздік баянды болады!» деген ойын арманды тілегімен «Алла тағала, Тәуелсіздік... баршамызға қыдыр дарытып, Адам деген атағымызды асырып, ерен еңбегімізді Отан, халық кәдесіне жаратқай! Іпәйім де солай болғай!» деген арманының өзі кім көрінгеннің, оның кеңестік кезеңде оңды-солды сілтеген ғалымның да, ақын-жазушының да аузынан әлі шыға бермейтін тілек екенін ұмытпайық. Бұл дініне берік, көзқарасы өбден қалыптасқан, өмір тепкісінен түйгені мол пенденің аузынан шығар игі тілек. Осыны айтқан, жазған Манаш Қозыбаев – қазақтың өтпелі дәуіріндегі ұлы тарихшысы, ойшылы.

Manash Kozybayev is a very talented scientist. He was also public figure. He made a tremendous contribution to the independent national history development. The author of the article goes on with the various proceedings of Manash and also his wise thoughts.





# AKUŞAT

AKUŞAT, Milli Eğitim Bakanlığı tarafından yayımlanan, eğitimde yenilikleri ve başarıları tanıyan, öğretmenleri ödüllendiren ve eğitimde başarıya ulaşan okulları tanıyan bir dergidir.

www.akusat.gov.tr | <https://www.facebook.com/akusat> | <https://www.instagram.com/akusat> | <https://www.youtube.com/channel/UCv8p8p8p8p8p8p8p8p8p8p8>



№2 • 2017